



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Сенатының  
депутаты А.Ғ. Толамисовқа**

2022 жылғы 8 желтоқсандағы  
№ 16-13-46Д/С

### **Құрметті Амангелді Ғабдылкәрімұлы!**

Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетудің мәселелеріне қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Мемлекет басшысының денсаулық сақтаудың тұрақты моделін құру туралы тапсырмасын орындау мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін жетілдіру шаралары жоспарланған.

Үкімет саладағы ағымдағы жағдайға егжей-тегжейлі талдау жүргізді, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне теріс әсер ететін түйінді проблемалар айқындалды, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және жүйеде медициналық көмекті қаржыландыру жүйесін қайта қарау бойынша ұсыныстар мен іс-шаралар жоспарын әзірледі.

Осы жұмыстың шеңберінде медициналық қызметтерге тарифтер қайта қаралатын болады.

Сондай-ақ Денсаулық сақтауды дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасында медициналық қызметтердің өзіндік құнына әсер ететін макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруін ескере отырып, медициналық қызметтерге тарифтерді жыл сайынғы индекстеу көзделіп отыр.

«Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» пилоттық ұлттық жобасы бекітілді. Жоба ауылдық елді мекендерді 2023-2024 жылдар ішінде 655 объекті салу жолымен медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарымен қамтамасыз етуді (253 медициналық пункт, 242 фельдшерлік-акушерлік пункт, 160 дәрігерлік амбулатория), қазіргі заманғы көпбейінді орталық аудандық ауруханаларды ұйымдастыру арқылы ауыл халқына шұғыл және мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді, ауылдық денсаулық сақтау объектілерін медициналық кадрлармен қамтамасыз етуді көздейді.

Көпбейінді орталық ауданаралық ауруханалар заманауи медициналық жабдықтармен жабдықталатын болады.

Сонымен қатар, дәрігер мен орта медицина қызметкерінің (247 мыңнан астам медицина қызметкері) жалақысын кезең-кезеңімен ұлғайту жүргізілуде.

2022 жылы дәрігерлердің жалақысы 421 мың теңгеге дейін жетті, ал орта медицина қызметкерінің айлығы 235 мың теңгені құрады.

Биыл дәрігерлердің жалақысы 30%-ға, орта медицина қызметкерлерінің жалақысы 20%-ға өсті.

Медициналық кадрларды ауылға тарту үшін білім беру гранты бойынша оқуға түскен түлектердің міндетті түрде үш жыл жұмыспен өтеу нормасы бар, келген әрбір дәрігерге жергілікті бюджет есебінен 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейін көтерме жәрдемақы бөлінеді.

Анықтама. Жалпы «Дипломмен – ауылға!» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2022 жылы 4 мың маманға 18,1 млрд.теңге сомасына тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит берілді, 7,8 мың маманға 2,4 млрд. теңге сомасына көтерме жәрдемақы берілді.

Бүгінгі күні орталық мемлекеттік органдар ауылдық жерлерге жұмысқа орналасуға жіберілген мамандар үшін көтерме жәрдемақылар мен тұрғын үй сатып алуға жеңілдікті кредиттердің мөлшерін ұлғайту бөлігінде жас мамандарға әлеуметтік қолдау шараларының пакетін біріздендіру мәселесін пысықтауда.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес үш жыл ішінде резидентураға берілетін гранттар санының жыл сайын 70% - ке өсуін қамтамасыз ету үшін қаржы шығындары пысықталуда. Сонымен қатар ауылда резиденттердің міндетті тағылымдамасын көздейтін пилоттық жоба пысықталуда.

Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсетуді жетілдіру Үкіметтің ерекше бақылауында.

**Ә. Смайылов**